

УДК 455

<sup>1</sup>Б.А.Үсіпбек, <sup>1</sup>Т. Артыққызы, <sup>1</sup>Н.Т. Аблайханова, <sup>2</sup>А.В. Грицай<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ, Қазақстан<sup>2</sup>Шығыс халық медицина орталығы, Алматы қ, Қазақстан**Студенттер организмдегі энергоақпараттық жүйелердегі өзгерістерін зерттеу**

Биоөріс – адам қалыпты жағдайының индикаторы, ол адамның физикалық күйінің ақпаратын құрайды. Биоөрісте ауытқулар болуы мүмкін. Осы ауытқулар арқылы сау және ауру адамдардың организмдегі биоөріс жағдайын анықтауға болады. Алғашқы кезеңде биоөрістің бұзылуы байқалса, ал екінші кезеңде – мүшелерде ауру пайда болады.

**Түйін сөздер:** адамның биоөрісі, аура, чакра, биоэнергетикалық өріс

Б.А.Үсіпбек, Т. Артыққызы, Н.Т. Аблайханова, А.В. Грицай  
**Исследование изменение энергетического биополя студентов**

Биополе – индикатор состояния человека, в нем содержится информация о физическом состоянии тела человека. У биополя могут быть разрывы. Эти разрывы можно наблюдать и у больных и у здоровых людей, т.е. человек с разрывом биополя некоторое время продолжает быть здоровым. Болезнь начинает проявляться позже, значит, заболевание рождается в биополе. Сначала происходит разрыв биополя, а позже – болезнь органа.

**Ключевые слова:** биополе человека, аура, чакра, биоэнергетическое поле

В.А. Ysipbek , Т. Artykkyzy, N.T. Ablayhanova, A.V. Gritsay  
**Change energy research students biofield**

Biofield – an indicator of the human condition, it contains information about the physical condition of the human body. There may be gaps biofield. These gaps can be observed in patients and in healthy individuals, ie man with a break for a while biofield continues to be zdravym.Bolezn begins to emerge later, so the disease is born in the biofield. First, there is a rupture of the biofield, and later – a disease entity.

**Keywords:** human aura, the aura, chakras, the bio-energy field

Адамның биоөрісі дегеніміз – негізгі ғылыми тұжырымдама, ол дене арқылы өтеді және өзінің барлық шектеріне тарайды да, адамның физикалық денесімен құрылымдарды біріктіреді. Биоөрісті ұстап көру мүмкін емес, кейбір адамдар ғана оны сезіне алады. Олар: экстрасенстер, емшілер, яғни адамның физикалық денесін емдемейді, оның энергетикалық қабықшасын (аурасын) емдейді. Адам аурасы (греч. аура — тазалау) әртүрлі қатардағы эзотерикалық сеніммен және шығыс діндерінің – адамның жанын және рухын айқындайды. Аура материалдық әлемнің нысаны болып табылмайды және ешқандай ғылыми пәндермен байланысты емес. Бірақ,

осы бағытта жалған ғылыми бағыттар қолданылады, мысалы: биоөріс, дәстүрлі емес медицина және т.б. тұжырымдар жатады [1].

Діни және эзотерикалық аңыздарда аура-адам денесін бойлай алып жатқан сәуле делінген. Миститикалық күштің айрықша белгісін қарастырады. Соған қарамастан аураның бар немесе жоқ екендігі туралы көп пікір- таластар болып жүр. Мамандардың дәлелдемелері бойынша ол бар, сонымен қатар қасиеттерге ие – көлем, пішін, түс және иіс. Иісіне келетін болсақ, әр адамда ол жеке және сипаттауға қиын. Көлемінің белгілі шектері болады. Ұлы пайғамбарлардың және ежелгі мұғалімдердің аурасы бірнеше километрге

созыла алатын және мықты болған және соншалықты таза болған, жай адамдар бастарының үстінде жарқыраған сәуле көре алған.

Адам денсаулығына әсер беретін, тағы бір фактор ретінде күштен тұратын, қуатпен анықталатын «ішкі энергетика» бар [2].

Егер адам энергетикасы бүтіндей төмен болса, онда адамның тонусы төмендеген және мүшелері мен жүйелері өте төмен жасайды. Бүкіл организмді қамтитын жеке мүшелердің бұзылыстарына алып келеді. Нәтижесінде организм түрлі сынақтарды жеңе алмайды және осыдан келе денсаулық сырқат береді.

Адамның рухани құрылымы физикалық денені басқарып, оған жан береді. Әрбір мүше адамның физикалық денесін «басқару бағдарламаларымен» өзінің белгілі бір бағытында қызмет етіп, белгілі бір жұмысты орындайды. Бағдарламалар қадағалайды, бағыттайды, дамытады және реттейді. Бағдарламадағы әлдеқандай бұзылыстар осыған сәйкес келетін мүшелердің бұзылуына алып келеді. Бұл программаны немесе энергетикалық орталықтарды – чакра деп атаймыз [3].

Гипотезалық «өмірлік күш» немесе «био-энергетикалық өріс» қазіргі таңда мануальді терапияда, акупунктурада, экстрасенсорикада және де әртүрлі альтернативті медицинада қолданылады. Адамдардың магия және эне-

гетикалық трансформация технологиясы туралы әңгімелерінде жиі аура сөзі кездеседі. Қалыптыда адаммен зерттелген бұл термин энергетикалық өріс ретінде түсіндіріледі. Аураның түсі түрлі болады. Бір түсті немесе түрлі түсті болады, яғни түрлі түстерден тұрады. Түсі уақыт өткеннен кейін ауыса алады, ол адамның ойлау қабілетіне және эмоциональды жұмысына тәуелді [4, 5].


Аура міндетті түрде чакрамен байланысты. Чакралар – ол нерв орталықтары, олар физикалық, ой, эмоциональды және рухани энергиясын үйлестеді және қоректендіреді. 7 негізгі чакралар бар және тағы 42-ші дәрежелі чакралар бар. Чакралар арқылы адам биоөрісі ғаламмен және оның энергиясымен байланысы жүзеге асырылады.

**Зерттеу материалдары және әдістері**

20-21 жас аралығындағы 11 студент. Фазоаураметр құралы арқылы адам аурасы мен чакрасын зерттеу.

**Зерттеу нәтижелері және оларды талдау**

Студенттердің организмдегі энергоакпараттық жүйелердегі өзгерістерді зерттегенде 2-кезеңге бөліп қарастырдық. Бірінші кезеңде қалыпты жағдайдағы студент нәтижесі болса, ал екінші кезеңде студентке оның ойы мен сезімі өзгертіндей ақпарат айтылды (сурет 1).



Сурет 1 – Қалыпты жағдайдағы 20 жастағы студенттердің аурасы мен чакрасы

1-ші студенттің аура суретіне келсек, оның 1-ші кезеңде сары түс қоршалған. Сары түс – адамның жатырқамайтын, көпшіл, бейімді, зерделі, дүниеге сеніммен шаттана қараушы қасиеттерін көрсетеді. Чакралары төмен түсіп кеткен, яғни дұрыс емес. Мысалы: 5, 7-чакра мүлдем төмендеген.

2 – ші студенттің аура суретіне келсек, оның 1-ші кезеңде көк түс қоршалған. Көк түс – адамның көпшіл, сүйгіш, адал, нәзік, пайдасын тигізуге тырысатын қасиеттерін көрсетеді. 1, 3, 4,7- чакраларының энергетикалық күштері төмендеген.

Ал 2-ші кезеңде аура түсінің күлгін түске өзгеріске ұшырағанын байқауға болады (су-

рет 2). 2-ші топтағы студенттердің ем қабылдағаннан кейінгі нәтижесінде, оның ойы мен сезімі көтерілгенін байқауымызға болады. Мұнда 5, 7 – чакра энергетикасын дене бойына дұрыс бойлау нәтижесінде, жақсарғаны көрінеді. Ал 2-ші кезеңде аура түсінің күлгін және ақ түстерге ауысқанын және барлық чакраларының көтерілгенін байқауымызға болады.

Екінші кезеңде аура түстерінің ауысу себебі: олар белгілі бір ақпаратты 10-15 мин қабылдады да аура сапасы бірден өзгерді. Ал чакраларға энергетикалық күштің жіберілуінен олар бірден көтеріліп, қалыпты жағдайға орнықты.



Сурет 2 – Ем қабылданғаннан кейінгі 20 жастағы студенттердің аурасы мен чакрасы

Аураның сапасы ақпарат көзіне байланысты, ал ақпарат әрекеттің пайда болуына байланысты, яғни сөздер, сезімдер, ойлар және армандар жиналып, туындайды және оның аурасында осының барлығы қамтып көрсетіледі. Егер де аура тұтастай жағымсыз болса, онда болашақта физикалық жағдайы бұзылады, себебі «жаман» аура адамның физикалық денесіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Ал аура мен чакра бір-бірімен тығыз байланыста. Осылайша қабылданған ақпарат көзінен адамның ішкі энергетикалық күші күшейді.

Қорыта келгенде, адам тіршілігінің табиғи-биологиялық алғы шарты дүниедегі ең бағалы, асыл байлық – денсаулық. Адам денсаулығының физиологиялық күйіне әртүрлі стресс факторлардың тікелей әсер ететіндігінен туындайтын ауруларды аура мен чакраны реттеу арқылы қалпына келтіруге болатындығы дәлелденген. Сонымен қатар, адам организмнің функциональдық күйі энергетикалық қабаттың бүтіндігіне тікелей байланыстылығы анықталды.

**Әдебиеттер**

- 1 Иванов К. П. Агрессивная лженаука // Вестник РАН, 2002, N1. – С. 30.
- 2 Красавин О. А. Биоэнергетика здоровья человека. – Москва: Диля, 2004. – 256 с.
- 3 Қожалымов З. Рухани емшілік ғаламаты. – Алматы: Шалкөде, 2006. – 187 б.
- 4 Розов С. Учебник по биоэнергии. – Москва: Олма, 2002. – 160 с.
- 5 Қожалымов З. Ғаламның жұмбақ сырлары. – Алматы: Шалкөде, 2010. – 749 б.